

БАР ЖҮРЕКТЕ САҚТАЛАСЫҢ

Бар еді бір от қанатты әнші құс. Сүюші едік, тындаушы едік бәріміз. Ғажап орман ортасында жапырақтарды аялап, көкті мақтап, күнді ардақтап, бақыт пен шаттыққа әнін шырқаушы еді. Әл беретін, шаршағанға дем беретін, қам көңілге үні мен тілінен елге деген, ерге деген, досқа деген махаббат сырын естуші едік.

– Алтын қанат, адам досы, қалаулысы қауымның, жасай бер! – деуші едік қуанып. Сайра, сайра, мақтанымыз, Күләш! – деуші едік.

Сол Күләштен айырылды. Ән жығылды, алтын қанат қайырылды. Ардагері, шаппай озған қазақтың қыршынынан қиылды. Ерте сөнді ұлы жан, ерте тынды асқақ ән... Бәйтеректі ажал қырқты, құлатты, еріксіз бізді жылатты. Еңіреп тұрып: «қош!» – дейміз. Көмгеніміз, асыл Күләш, сені сүйген әр жүректің бөлшегі...

Мәңгі-бақи ұмытпас сені туған ел. Бар жүректе, бар қиялда сақталсын, Күләш жан!